

ОЖСБ деген не?

4 және 10-сынып оқушылары үшін оқу жетістіктерін сырттай бағалау білім жетістіктерін бақылауға ауыстырылады.

Бақылау не үшін жүргізілетіні туралы алда оқыңыздар. Төртінші және оныншы сынып оқушылары үшін білім жетістіктерін бақылау жүзеге асырылады, ОБЖБ ОЖСБ-ны алмастырады.

Қазіргі уақытта оны жүзеге асырудың қағидалары жазылған тестілеу жобасы әзірленді. Онымен «Ашық НҚА» порталы арқылы таныса аласыздар. Білім сапасы мониторингі Жуктеу ОБЖБ өкілетті органдарға талдамалық есеп дайындауға көмектеседі. Бақылау негізінде жасалған бағалау ҚР білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы ұлттық баяндамаға енгізіледі. Сонымен қатар, нәтижелер рейтингтік зерттеулер жүргізу кезінде қолданылады. ОБЖБ нәтижелері оқушылардың сыныптан сыныпқа көшуіне әсер етпейді. Олар оқушыларды екінші жылға қалдыруға негіз болып саналмайды.

Бақылау нәтижелерінің құқықтық салдары жоқ. Оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау: мектептерде – төртінші және тоғызыншы сынып оқушылары арасында; колледждерде – жалпы білім беретін пәндер бойынша екінші курс студенттері арасында; колледждерде – кәсіби модульдер немесе жалпы кәсіби, арнайы пәндер бойынша үшінші курс студенттері арасында өткізілетін болады. Денсаулық жағдайына байланысты оқу мекемесінде оқытылмайтын, оқудан босатылған оқушылардан бақылау алынбайтын болады.

Егер оқушы ОБЖБ өту кезінде ауырып қалса және медициналық анықтама түріндегі құжаттық дәлелдері болса, бақылауға қатыспауына болады. Бақылауға қатысатын оқушылар үшін белгілі бір қағидалар бар. Тестілеу кезінде: сөйлесуге; кез келген ақпарат тасымалдаушы құралдарды, калькуляторды, анықтамалық әдебиеттерді, электрондық құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

Источник: <https://edu.mcf.kz/news/2511-mektepterde-tortinshi-jane-onynshy-synpytarga-ojsb-nyn-ornyna-bilim>